

Бекітемін



2025-2026 жылында өткізілген Өндірістік кеңестерінің хаттамалары

Шымкент 2026

№1 өндірістік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 5

15.09.2025ж.

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары
2. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту туралы әдіскердің есебі.
3. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар.
4. Балабақша топтарының жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы
5. Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері туралы медбикенің есебі.
6. Әртүрлі мәселер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Өндірістік кеңесімізге қош келдіңіздер. Бірінші мәселе «Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары» тақырыбына келер болсақ, тәрбиешілер «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізді. Әртүрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар өткізілді және балабақшамызда бассейн жұмыс жасады. Жазғы уақытқа арнайы күн тәртібі жазылып және соған байланысты жұмыстар жасалды. Осы жазғы сауықтыру шараларымыздың мақсаты

- балалардың психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;
- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;

- денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру болып табылды. Сонымен қатар балабақшамызда «День Нептуна» мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараның жоспары бекітіліп, инстаграмм желісіне жарияланды. Сонымен қатар, «Конституция күні» тақырыбында тақырыптық сабақтар өткізілді.

Сонымен қатар, жаз уақытында мектепалды даярлық «Китенок» және «Мамонтенок» екі топтың балалары балабақшамен қоштасып, мектепке шығарып салдық, орнына екі ортаңғы топ ашып отырмыз. Жаз уақытында балалымыздың ата-анасы жазғы уақытқа демалыс (отпуск) алды, олардың өтініштері гарден программасына ілдік,- деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту» туралы сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биылғы оқу жылына арналған жылдық жоспардың мақсаты:

«Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру. Сонымен қатар, балалардың мемлекеттік тілді

үйренуге деген қызығушылығын оята отырып, тіл байлығын дамыту. Балалардың экологиялық мәдениетін, құқықтық және сауаттылық негіздерін қалыптастыру».

Міндеті:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру

- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- Балалардың салауатты өмір салтының негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын, өзіне, отбасына, құрдастарына деген адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру.

- Балалардың қаржылық сауаттылық жайында түсініктерін қалыптастыру.

- Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;

- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Ал, енді педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыстарға келер болсам, биылғы оқу жылында «Аналар мектебі» «Аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел мен «Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында семинар өткізу жоспарланып отыр. Ал педагогтарға, ата-аналарға арналған кеңестер тізімі жасалды. Балалардың салауатты өмір салтын ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар тақырыптары жасалып, музыка жетекшісімен бірлесіп дене шынықтыру апталықтары мен мерекелері ұйымдастырылуда. Мысалы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Спортпен айналысамыз», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Қысқы қызықтар!» тақырыбында барлық топтарға арналған дене шынықтыру іс-шаралары жоспарлануда.

Сонымен қатар, оқу жылында өткізілетін ертеңгіліктер тақырыптары мен тақырыптық сабақтардың жоспары жасалды, ашық есік күндері мен өткізетін көрмелер жоспарланды. Мысалы: «Менің сүйікті тәрбиешім», «Балалар кітапханасы», тақырыбында көрмелер, «Менің анам ең жақсы» аналар мен әжелерге алғыстарын білдіре отырып, челлендж түсіру жоспарлануда. Тәрбиеші мен педагогтардан тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің тақырыптары алынып, жылдық жоспарға қостық. Сонымен қатар, жыл бойында өткізілетін педагогикалық, өндірістік, меңгеруші жанындағы кеңестердің жоспарлары жасалды. Ата -аналармен өткізілетін жиналыстырдың жоспарлары бекітілді. Бақылау түрлері мен мазмұны жасалынып, рационалды теңестірілген тамақтану ұйымдастырылып, медициналық- педагогикалық бақылау мен әкімшілік -шаруашылық қызметтің жоспарға қостық,- деп толық айтып өтіп, сөзін аяқтады.

3. Үшінші мәселе бойынша «Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар» бойынша сөз кезегін медбике М.Попкова алды:

- Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі – күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздар қамтамасыз етеді. Дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі – ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетін тағамдардың құрамы мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен калорийлік құндылығын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие объектілеріндегі тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен (бұдан әрі - Санитариялық қағидалар) реттеледі.

Санитариялық қағидалардың 7 тарауына сәйкес мынадай негізгі талаптар белгіленген:

- объектілерде объекті басшысы бекіткен перспективтік маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасалады;
- тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективтік ас мәзіріне сәйкес келеді;
- тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау температурасы төмен тоңазытқыш жабдықтарында және тоңазытқыш камераларында және тоңазытқыштарда жүзеге асырылады; - температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді;
- ас мәзірінде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе келесі 2 – 3 күнде қайталауға жол берілмейді;
- таңғы ас әр түрлі ботқалардан және ыстық сусыннан, жұмыртқа, сары май немесе ірімшік қосылған тағамнан тұрады.
- түскі ас салат, бірінші, екінші (негізгі ыстық тағам еттен, балық немесе құстан) және үшінші (компот, шай, шырындар және кисель) тағамнан тұрады. Пісірілген және жас көкөністерден күрделі емес салаттар дайындалады;
- түс қайтадағы ас - көкөніс (сүзбе) тағамынан немесе ботқадан; негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе құс), сусыннан (шай, шырын, компот және кисель) тұрады.
- тамақтандыру арасындағы интервал 3,5 – 4 сағаттан аспайды;

- тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдауды олардың сапасы және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары болған жағдайда жүзеге асырады.

Сонымен қатар, объектілерде келесілерді дайындауға және өткізуге жол берілмейді:

- тұтыну қаптамасындағы кондитерлік бұйымдар мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье, халва, мармелад, пастила), морстарды;
- тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды;
- газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті ішімдіксіз сусындарды, ішімдіксіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындар (қапталған минералды және ауыз судан басқа), фаст-фудтарды: гамбургерлер, хот-догтар, чипсілер, кептірілген нан, қытырлақ нандар.

Осылайша, тамақтану жағдайын дұрыс ұйымдастыру - балалардың денсаулығын сақтаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады және балабақшада уақытының көп бөлігін өткізетінін ескере отырып, балалардың денсаулық деңгейінің жақсаруына әкеледі.

Балабақшадағы балалардың денсаулығы - бұл бақша қызметкерлері мен ата-аналардың жауапкершілігі. Жалпы күш-жігермен балалардың дұрыс және сау дамуы үшін барлық жағдай жасауға тырысу керек, - деп баяндамасын аяқтады.

4. Төртінші мәселе бойынша «Балабақша топтарының жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы» сөз кезегін меңгеруші алды:

- Біздің балабақшамыз Тұран ауданы, Кіші Самал 1600 телімде орналасқан.

Балабақша аумағы 20 соттық жерді алады.

Ғимаратта меңгеруші, әдіскер, мейірбике, кассир, шаруашылық меңгерушісіне арналған кабинеттер және топтарға арналған бөлмелер, музыкалық зал және кітапхана бұрышы бар.

Балабақшада асхана, қойма және логопедтің бөлмелер бар.

Ал, топ бөлмелерінде барлық жағдай жасалған, қазіргі заман талабына сай жаңа жиһаздармен жабдықталған және барлық топтарда ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Әр топ бөлмесінің құрамы:

1. Қабылдау бөлмесі
2. Ойын бөлмесі
3. Асхана бөлмесі
4. Жататын бөлме.
5. Жуынатын бөлме және әжетхана.

Ойын бөлмелерінде балалардың танымдық дамуына арналған әртүрлі дамытушы ермек-ойыншықтар, қуыршақтардың түр түрлері, ойыншық ыдыстар жиынтығы, көліктер жиынтығы, ұлттық аспаптар ойыншықтары, т.б. әр топта кітапхана бұрышы бар. Балаларға арналған сұлулық салоны, дәріхана, дүкенше ойын бұрыштары бар.

Биыл барлық топтарда әр балаға индивидуальное сүртінетін сүлгілерін жаңарттық, яғни жаңа сүлгілерді алдық. Сонымен қатар, ромашка тобына 27

балаға арнап жаңа орындықтар сатып алдық. Дәлізде, кабиенттерде төселген кітемдердің барлығын жаз уақытында жуып, тазаладық.

Балабақшада бір саз бөлмесі бар, онда әннен ұйымдастырылған оқу қызметі, би өнерінен дайындықтар, әртүрлі мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Ол жердің люстраларын жаңартып, жаңа музыкалық колонка сатып алдық. Мамонтенок және Динозаврики тобының кабинеттерінде дуалдарды эмулсиялап, жаңарттық. Барлық топтардың сантехникасын тексеріп, су ағып жатқан жерлерді жөнделдік, тағы сол сияқты жұмыстар тоқтаусыз жасалынып жатыр, - деп сөзін ақтады.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері туралы медбикенің есебі» жайында сөз кезегін М.Попкова алды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулық деңгейлері қоғамның, әсіресе дәрігерлер мен тәрбиешілердің арасында дабыл қағуда. Ақпарат деректердің, құралдарының материалдары және статистикалық деректердің көрсетуінше 20 ғасырдың аяғы мен 21 ғасырдың басында мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі балалардың денсаулықтары күрт төмендеген. Балалардың денсаулық деңгейлерінің көрінісі көпшілік жағдайда балабақшаның жауапкершілігінде деп көрсетіледі.

Демек, мектепке дейінгі балалардың денсаулығы ерекше өзекті мәселе. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығына теріс әсер беретін факторларының қатырына балабақшада және отбасында қарапайым мәдени-гигиеналық нормалардың орындалмауы, артықша теледидар алдында, авторитарлық қарым-қатынасты тәрбиелеудегі баланың тұлғалық және жасерекшеліктерін қажетті деңгейде есепке алмаушылықтарын айтуға болады.

Денсаулық мәдениеттілігінің төменділігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, балалардың арасында 40 пайыз мәдени – гигиеналық дағдылардың қалыптаспауының себептерінен деп саналады.

Біздің балабақшада 6 топ орналасқан. Әр топтың өз тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері бар. Топтардағы тазалық жұмыстары :

1. Ылғалды жинау.

2. Түбегейлі жинау. (генеральная уборка) болып бөлінеді.

Ылғалды жинау күнде жүргізіледі. Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кроватьлары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады. Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаяды.

Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады. Еден жуу тәртібі:

1. Таза сумен жуып алады.
2. Сабынды немесе ұнтақ пайдалана отырып жуылады.
3. Дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» пайдаланады.
4. Құрғатып сүртіледі.

Топтардағы қоқыстар күнде уақытында шығарылып тұрады. Көмекші тәрбиешілердің 3 ауысымда :

1. Ішке
2. Әжетханаға
3. Сыртқа арналған арнайы киімдері бар.

ДеоХлор ерітіндісінің дайындалуы: .

1. Еден жууға 10 литр суға 1 таблетка 0,015 пайыз
2. Ылғалды жинау әр топтарда ауыстырыла отырып, 10 литр суға 1 таблетка 0,015 пайыз
3. Ыдыс аяқ жууға 15 литр суға 2 таблетка 0,03 пайыз, - деп толық тоқталып, айтып өтті.

6. Әртүрлі мәселелер бойынша меңгеруші сөз алды:

- 2 қыркүйек күні «Q-Networks» компаниясымен келісім жасап, № IP VPN 02/09-25-4 нөмірлі келісім шартқа тұрып, біздің бақшамыздағы камераларды ЦОУ ға (департамент полиций) қостырдық.

Сонымен қатар, барлық балабақша бөлмелерінде (балаларды қабылдау, тамақтану, ойын бөлмелерінде, дәліздерде камералар орнатылды.

Медбике, Маргарита Константиновна сізге тапсырма. Әр таңда балабақшаның балаларды қабылдау кезінде балаларды тексеруден өткізіңіз. Олардың температураларын байқап, үстерінде қызылшаның белгілері болмасын және баланың хал жағдайы жақсы болғанын бақылаңыз. Сонымен қатар сіздің бөлмеңізде медициналық құралдар мен дәрі дәрмектер түгел ме, олардың мерзімі өтіп кетпеген бе соны байқаңыз.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары қанағаттанарлық деп шешілсін;
2. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары бойынша жұмыстар жасалынсын;
3. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар бойынша жұмыстар жасалынсын;
4. Балабақша топтарының жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп шешілсін;
5. Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері туралы медбикенің есебі қабылданып, жұмыстар жалғастырылсын;

6. Өртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалсын.

Менгеруші:

Хатшы



Л.И.Яворская

У.О.Ахметова

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде:

1. Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері туралы медбикенің есебі.
2. 8 наурыз, 22 наурыз мерекесіне дайындық жайында.
3. 2026 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін құру
4. Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы медбикенің баяндамасы
5. Барлық қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері бойынша тексеруден өткізу, емтихан қабылдау бойынша қорытынды есеп
6. -Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.В.Шишкина алды:
- Саламатсыздар ма, әріптестер. №2 Өндірістік кеңесіне қош келдіңіздер.

Бүгінгі қаралатын бірінші мәселе «Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері» бойынша сөз кезегін балабақша медбикесі М.Попковаға беріледі.

- Саламатсыздар ма, рақмет сөз бергеніңізге. Біздің бақшада 6 топ бар. Әр топ балаларына арналған ойын топтары, жатын бөлмелері және ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған бөлмелер мен санузелдер бар. Таң ертен 8 болмай тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері бақшаға келіп, есік терезелерді ашып, желдетеді. ҰІӨ өтетін бөлмелерде үстел үстерінен бастап, еденге дейін хлормен сүртіліп, ойын бөлмелерінде кешкісін жуылып кеткен ойыншықтар орыншықтарды орындарына қойып, сүрелердің шандары сүртіліп, жердегі кілемдер жиналып, астын хлормен сүртеді. Міндетті түрде кварц қосып, тазартады. Балалар келгенше топта барлық санитарлық гигиеналық шаралар жасалады. Ал мен міндетті түрде барып, тазалықты күніге тексеремін. Санузелдердегі раковина мен унитаздар міндетті түрде хлормен жуылу керектігін тәрбиеші көмекшілеріне ескертемін. Ал одан соң кіре беріске барып, келген балаларды қабылдау басталады. Мен балалардың температураларын тексеріп, денесінде ешқандай бөртпенің жоқтығын анықтап, дені сау екеніне көзімді жеткізіп, бақшаға қабылдаймын,- деп толық айтып, сөзін аяқтады

2. Өндірістік кеңестің екінші мәселесі «8 наурыз, 22 наурыз мерекесіне дайындық жайында» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.В.Шишкина алды.

- Біздің бақшамызда әрбір ертеңгілік керемет өтетінін айтқым келеді. Өйткені ата - аналар тарапынан алғыстар шексіз. Ертеңгілік сценарийлері, музыкалық залдың безендірулері, балалардың және тәрбиешілердің дайындықтары әрқашан да керемет деп айтсам болады. Алдағы уақытта балабақшамызда 8 Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай ертеңгіліктер жоспарлануда. Соған байланысты музыка жетекшісі барлық топқа арнап ертеңгіліктің өтетін уақыт кестесін құрып, дайындап қойды. Ең бірінші ертеңгілік 27 ақпан күні Мамонтенок және Жауқазын топтарында өтеді. Ал, 3 наурыз Ромашка

тобында, 4 наурыз Китенок және Лучик топтарында, 5 наурыз Динозаврики тобында ертеңгілік өткізілу жоспарлануда. Дайындық бастылып кетті. Ал, енді сомдайтын рөлдеріне байланысты костюмдері туралы айтар болсам, біздің балабақшамызда гардеробныйда өте көп киімдер бар. Оларды мен өз қаражатымнан тіктіргенмін. Содан барлықтарыңыз алып, киіңіздер. Ал егер біреулеріңізге жаңа рөлдерге жаңа костюмдер керек болса, маған хабар беріңіздер. Саны мен өлшемін айтарсыздар, мен өз қаржыма тіктіріп беремін. Музыкалық залдың безендірілуі бойынша өз ойларында мерекеге қарсы уақытта жиналып талқылаймыз. Мен өз тәрбиешілерімнің ертеңгілікке өте тиянақты және жауапкершілікпен қарайды деген сенімдемін, -деп сөзін аяқтады.

Ал, ары қарай 22 наурыз жаңа жыл мерекесіне орай біздің балалақшамызда арнайы наурыз көже жасалып, бауырсақтар пісіріліп, ата-аналар мен балаларды құттықтап, дастархан жайылады, - деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «2026 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін құру» бойынша сөз кезегін меңгеруші алды:

- Былтырғы 2024-2025 оқу жылында түзілген кесте бойынша барлық қызметкерлер түгелімен ақылы еңбек демалысына барып келді. Ал енді осы 2025-2026 оқу жылына жаңа тізім жасалынып, тәрбиешілер -56 күнге, тәрбиеші көмекшілері – 30 күнге, әдіскер -42 күнге, медбике -42 күнге, тех.персонал – 24 күнге ақылы еңбек демалысына жіберіледі. Тізім жасалып, барлық қызметкерлер келісім беріп, қол қойып, кеңесте бекітіліп, хаттамасы қосымша тіркеледі.

4. Төртінші мәселе «Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы» медбике Г.Орынның баяндамасы.

- Қыс мезгілі келе сала балалар түрлі жұқпалы ауырулармен ауырып бастайды. Әр мезгілге балаларға және денсаулығына үлкен дайындық керек. Ол үшін ең алдымен иммундық жүйенің жұмысын жақсарту керек. Сондай бір жиі кездесетін ауырулардың бірі –Тұмау (ЖРВИ).

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

- Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады,- деп толық айтып, әрбір балаларда кездесетін ауру түрлеріне тоқталып өтті.

5. Бесінші мәселе «Барлық қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері бойынша тексеруден өткізу, емтихан қабылдау» бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.

- 5 қаңтар күні Лилия бақшасының барлық қызметкерлерін «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша» нұсқаулықпен таныстырылды. Бұл нұсқаулықтың мақсаты оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдениетті, білімді, рухани дамыған және дені сау, әлеуметте белсенділік танытатын тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар жасау, қол жетімді білім беру ортасын құру болып табылады. Барлық қызметкерлерге жиналыс өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді және

...астым деп қол қойылды. Атап айтсақ, меңгерушіге, әдіскерге, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшісіне, медбике мен аспазшыға, жұмысшыға, т.б. қызмет иелеріне арнайы бөлек бөлек өз жұмыстарына лайықты нұсқаулықтар дайындалынды.

Емтихан қантар айының 19 күні балабақша қызметкерлерінің барлығынан еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін тексеру бойынша емтихан ұйымдастырылып, алынды. Комиссия төрайымы: Л.И.Яворская, Комиссия мүшелері: О.В.Федаренко, С.Маманова, Л.О. Лигус. Барлық қызметкерлер емтиханда берілген сұрақтарға толық дайындалып, қатысып, өтті. - деп толық айтып өтті.

6. Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алы.

- Биыл, 2026 жылы біздің бақшамызда 9 тәрбиеші аттестациядан өтеді. Олар, Рыбникова О.В.- педагог-сарапшыға, Иванятова М.А. мен Кривоносова Е.Ю. педагог-зерттеушіге, ал, Костеневич Я.А, Маманова С.С., Хоменко Л.Л., Лигус О.А., Крайниченко Н.Н., Сыздыкова А.А. педагог-модераторға тапсырмақшы. Ол үшін әр қызметкер өз партфолиоарын толтырып, Ұстаз платформасына салулары қажет. Сол мақсатта біздің қызметкерлер 12 қантар күні «Абай мұрасы – ұлт руханиятының темірқазығы: білім беру жүйесіндегі рухани- адамгершілік тәрбиенің негізі» тақырыбында халықаралық ғылыми мен сертификаттарын алып, платформаға салды. Сонымен қатар, әр тәрбиеші өз балаларын Республикалық деңгейде өткізілген іс шараларға, атап айтқанда «Абай оқулары», «М.Мақатаев оқулары, «Аяз атаға хат», «Сурет бояулары», т.б. қатысып, балалар атына жазылған жетістіктер мен тәрбиеші атына жазылған алғыс хат жетістіктерін алып, платформаға енгізді.

- Қызметкерлер 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылында бір бірінің сабақтарына еніп, бақылау парақтарын толтырды. Осы бақылау парақтарын әрбір тәрбиеші өзінің ЭЦП кілтімен ұстаз платформасына кіріп, енгізеді. Бұл енгізуде белгілі бір балл қойылып, аттестациядан өтуге көмектеседі.

Сонымен қатар, біздің бақшамызда 14 қызметкер Тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен қазақ тілін меңгеру мақсатында 4 айлық курсқа қатысуда. Алдағы ақпан айының 13 күні емтихан жоспарлануда. Ол емтиханға қызметкерлер толық дайындалуда. Басқа сұрақтарыңыз болмаса кеңестің шешімін шығарып, бітірейік,- деп сөзін аяқтады меңгеруші.

Шешім:

1. Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері туралы медбикенің есебі қабылданып, жұмыстар жалғастырылсын;
2. 8 наурыз, 22 наурыз мерекесіне дайындық жалғастырылсын, жоғары дәрежеде өткізілсін;
3. 2026 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін;

4. Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы медбикенің баяндамасы қабылданып, жұмыстар жүргізілсін;
5. Барлық қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері бойынша тексеруден өткізу, емтихан қабылдау бойынша қорытынды есеп қабылдансын.
6. -Әр түрлі мәселелер бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Менгеруші:

Хатшы:

Л.В.Шишкина

С.С.Маманова



Өндірістік кеңес №3

Қатысқандар: 6

22.04.2026ж

Күн тәртібінде:

-Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есебі.

- Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар.

- Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралар туралы.

-Балабақшада төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша өткізілген іс-шараларды талқылау

- Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды:

- №3 Өндірістік кеңеске қош келдіңіздер. Бүгінгі қаралатын бірінші мәселе «Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есеп», - деп меңгеруші сөзін бастады. Ең алдымен сіздерге «Мекеменің ішкі тәртіп ережелерінің басты мақсатын түсіндіріп өтейін. Мақсаты — еңбек ұжымының жұмысын ұтымды ұйымдастыру, еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс уақытын тиімді пайдалану және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Оқу жылының басында біз қызметкерлерді балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережесі мен қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, ережелерді талқылап, бекіткен болатынбыз. Мұндаға мазмұнын қысқаша айтар болсам, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен шығару тәртібі, Жұмысшының құқығы мен міндеттері, Жұмыс берушінің міндеттері мен құқығы, Еңбек тәртібін бұзған үшін жауапкершілікке тартылуы, қызметкерлердің жұмыс уақыты мен бос уақыты туралы жазылған. «Лилия» балабақшасы қызметкерлерінің жұмыс кестесі, мектепке дейінгі мекемеде балаларды қабылдау және топтарға жіктеу туралы ереже, тамақтануды ұйымдастыру туралы ереже жазылған. Осы ережелерді сақтанып, **еңбек тәртібін нығайту үшін** : қызметкерлердің өз міндеттерін саналы түрде орындауын, іскерлік этиканы және ұжымдағы өзара сыйластықты сақтауын реттеу қажет. Ал, **қауіпсіздікті қамтамасыз ету**: Мекеме аумағында еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және санитарлық талаптардың қатаң орындалуына мән беру қажет, - деп толық айтып өтті. Соңында, бақшамызға осы оқу жылында жаңадан медбике және бір тәрбиеші көмекшісі жұмысқа қалданғаны туралы айтып, оларды бақшамыздың ішкі еңбек тәртіп ережелері түсіндірілгенін айтты. Барлық қызметкерлер тәртіп ережелерін ұстанып, жұмыстарын атқарып жатқанын, ешқандай тәртіп бұзу немесе ережені ұстанбаған жағдайлар орын алмағандығын, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша журналдарға қол қойылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтып, меңгеруші сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар» бойынша сөз кезегін медбике М.К.Попкова алды.

- Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын: ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздары қамтамасыз етеді. Сондықтан осы азық-түліктерді баланың күнделікті тамақтану үрдісіне қосамыз. Дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Тамақтану ережесін ұйымдастыру Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі – ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетін тағамдардың құрамы – мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен калорийлік құндылығын қамтамасыз етеді. Бұл жерде ең маңыздысы – топ ішінде жағымды эмоциялық көңіл-күй мен жақсы орта қалыптастыру. Балалар үстел үстінде ыңғайлы отырып, қажетті ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілуі керек. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар, баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесімін табуы керек. Осы мақсатта, ата-аналар балаларының балабақшадағы күнделікті ас мәзірінен хабардар болып отырады. Балаңызды балабақшаға апарар кезде, тамақтану тәртібі мен тәбетін бұзбау үшін, үйде тамақтандырмауға кеңес береміз. Бірақ, балаңызды ертерек әкелетін болсаңыз, шай, шырын немесе жеміс беруге болады дей отырып, Балалардың бейімделу кезеңіндегі тамақтаны жайында, Салауатты өмір салты мен тамақтану гигиенасының негізгі талаптары жайында толық баяндап өтті. Сонымен қатар, ас мәзіріндегі тағамдар мен аспаздық өнімдер тізімі күн ішінде, келесі 2- 3 күнде қайталанбауы керек екендігін, күнделікті тамақтану тәртібінің тізіміне енетін өнімдер: ет, сүт, сары және өсімдік майы, бидай наны немесе қара бидай наны, қант және көкөністер екендігін айтып өтті. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, құс етін 2-7 күнде 1 рет берілуі керек деп, түскі астың құрамы: салат, бірінші, екінші тағамдары (негізінен ет, балық, құс еті қосылған ыстық тағамдар) және жеміс қайнатпасы, кисель, шай берілуі қажет деп толық айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралар туралы» әдіскер Л.И.Яворская сөз алды.

- Жазғы уақытта көп балаларымыз жазғы демалысқа шығып, ата - ананың жауапкершілігінде болады. Сол үшін де тәрбиешілер балалардың ата-аналарына қауіпсіздік бойынша кеңестер берді. Бұл кеңестердің мақсаты Жазғы демалыс кезінде балалардың су айдындарындағы ережелерді қатаң сақтау, жол қозғалысы, өрт қауіпсіздігі және күннен қорғануды сақтану және өз балаларына түсіндіру. Балаларды қараусыз қалдырмауды және олардың қауіпсіздік ережелерін күнделікті есіне салып тұруларын айтты. Мысалы, судағы қауіпсіздік бойынша: балалар тек арнайы жабдықталған жағажайларда, ересектердің тікелей бақылауымен ғана шомылуы керектігі жайында, белгіленбеген және тыйым салынған орындарда суға түсуге қатаң тыйым салынатындығын әр уақытта айтып отыру керектігін түсіндірді. Ал, жолдағы және көшедегі қауіпсіздігі бойынша : велосипед, самокат немесе ролик тепкен кезде қорғаныс жабдықтарын (шлем, наколенник) киюді міндеттеу керектігін, жол ережелерін, оның ішінде жаяу жүргіншілер

өткелінен дұрыс өтуді үйретуді, бейтаныс адамдармен сөйлеспеуді және олардың көлігіне отырмауды ескертуді айтып өтті.

Балаларды ыстық өтуден және күннен қорғану жайында мынадай кеңестер берді: күннің көзінде ұзақ уақыт жүрмеуді қадағалаңыз (әсіресе сағат 11:00 мен 17:00 аралығында), бас киім киюді және күннен қорғайтын крем қолдануды әдетке айналдыру керектігін, ағзадағы су балансын сақтау үшін таза су көп ішу қажеттігін айтты.

Өрт және тұрмыстық қауіпсіздік ойынша: сіріңке, оттық сияқты заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстауды, үйден шығарда газ және электр құралдарын өшіріп кетуді балаларға үйретуді, ашық терезелерге арнайы құлыптар (балалардан қорғаныс) орнатуды айтты.

Киберқауіпсіздік бойынша: Интернетте бейтаныс адамдармен жеке мәліметтерді (мекенжай, телефон) бөліспеуді ескертуді, гаджеттерде зиянды контенттен қорғайтын "ата-ана бақылауы" функциясын қосу керектігін толық түсіндіріп, сөзін аяқтады.

4. Балабақшада төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша өткізілген іс-шараларды талқылау бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

- Төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің 2025-2026 оқу жылына арналған тақырыптық жоспары жылдың басында құрылған. Сол тақырыптық жоспардың негізінде түсіндірме жұмыстары теория және практика жүзінде өткізілуде. Қаңтар айынан бері бақшамызда «Улы газдың алдын алу» (дәріс, практикалық оқу-жаттығу), «Қауіпсіз терезелер» балаларды терезеден құлап кетудің алдын алу бойынша қауіпсіздік сабағы, «Көктемгі су тасқынына қарсы іс-шаралар» және «Жазғы уақытта су айдынында шомылу ережелері» тақырыбында қызметкерлерге және балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өткізілген тақырыптардың мақсаты техника қауіпсіздігін сақтай отырып, балалардың өмірін қорғай, - деп меңгеруші толық тоқталып өтті.

5. Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

- Биылғы оқу жылында «Лучик» және «Динозаврики» мектепалды даярлық топтары бақшамызды бітіріп, мектеп табалдырығын аттауға дайындалып жатыр. Осы бітіруші топтар жылда бітіру кешін (выпускной) өткізеді. Сол бітіру кешіне дайындық басталып кетті. Ал зал ішін безендіру бойынша банерлерге кәзірден тапсырыс беріп қойдық.

Біздің балабақша жылда өрт қауіпсіздігіне байланысты ТОО «ОПЧС-Строй» компаниясымен келісім шартқа тұрып, өртке қарсы шатырдың астына обработка жасаттық. Өрт қауіпсіздігіне арналған сигнализациялар тексеруден өткізілді. Сонымен қатар, бақшадағы огнетушительдерді толтырып, санын көбейттік. ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығымен келісім шартқа тұрып балабақшаның ішін және сыртқы жағын осы сәуір айында және тамыз айларында дезинфекциялайды, ал алдағы шілде айында барлық матрастарды дезинфекциядан өткізу жоспарлануда.

Жаз айында біздің бақшамыздың балалары сырттағы ашық бассейнге жылда түседі. Сол бассейнді жаз уақытына дайындау мақсатында қайта жөндеуден өткізіп, қайта боя (краскілеп), іске қосуға дайындап жатырмыз.

Бақша ауласындағы газондарды, ағаштарды уақытылы суғарып, бақша ауласын көгалдандыру жұмыстары шапшаң жүріп жатыр. Бұл жұмыстарды атқаруды бау бақша күтушісі Сахимбаевқа жүктелді.

Балабақшадағы барлық топтардың сантехникасын күн сайын тексеріп, жөндеу жұмыстары қажет болған жағдайды жөндеуден өткізуді бақша сантехнигі Р.Искандеровқа жүктедім.

Сұрақтарыңыз жоқ болса кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық, - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің сақтап, жұмыстарын жасасын;
2. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптары қатаң сақталсын;
3. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралары туралы кеңестер жиі берілсін;
4. Балабақшада төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша іс – шаралар жалғастырылсын;
5. Әр түрлі мәселелер бойынша айтылған жұмыстар жасалсын.

Меңгеруші

О.А.Лигус

Хатшы:

С.С.Маманова